

БЕКІТЕМІН:

«Достық» бала бақшасының  
МКҚК менеджерісі

И.Н.Маслова



**2021 – 2022 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН  
ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ПЕРСПЕКТИВТІК ЖОСПАР  
(ЕРЕСЕКТЕР ТОБЫ)**

**Мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын іске асыру бойынша  
қазақ тілінен жылдық перспективтік жоспар  
ересектер тобы**

<b>Айлар</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Апталық тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Сөздік</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Мерзімі</b>
<b>Қыркүйек</b>	<b>Балабақша</b>	Менің балабақшам	Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге үйрету. Балабақшадағы күнделікті жиі қолданылатын кейбір заттардың атауларын айту және түсіну	Балабақша, балалар, үлкен, әдемі, таза	1	
		Менің достарым	Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру. 10-ға дейін тура және кері санауды жаттықтыру	Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он	1	
		Сүйікті ойындарым және ойыншықтарым	Ойыншықтар туралы үлгі бойынша қысқа мәтін құрастыруға үйрету. Қазақ тіліндегі ә, ө дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.	Аю, қоян, доп, қуыршақ, машина, мысық	1	

		Жиһаз	Диалогке қатысуға үйрету. Жиһаздардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөздегі қазақ тіліне тән қ,ғ дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру	Үстел, орындық, кереует, сөре, киім ілетін шкаф	1	
<b>Қазан</b>	<b>Қош келдің алтын күз</b>	Күзгі орман	Күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі суреттерді қарап, күзде болатын ормандағы құбылыстар туралы әңгімелеу. «Күз» туралы, күз айлары және оның маусымдық белгілері туралы білімдерін толықтыру.	Күз, күзгі орман, ағаштар, алтын түске боялды.	1	
		Ас атасы – нан	Үлгі бойынша қысқа мәтін құрастыруға үйрету; сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруға дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды күнделікті қолданыста дұрыс айтуға жаттықтыру.	Жерді жыртады. Бидай, диірмен, диқандар, ұн.	1	

		Күздің себеті	Балаларға күз айында жиналатын көкөніс, жеміс-жидектер туралы, олардың қандай еңбек істеу арқылы келетіндігі туралы балаларға айтып, түсіндіру. Достыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	Астық, жемістер, көкөністер, себет, жинаймыз.	1	
		Күздің соңы.	Балалардың күз туралы және табиғаттың күз мезгіліндегі ерекшеліктері туралы білімдерін жүйелеп, қорытындылау. «Күз» тақырыбы бойынша сөздік қорларын байытуға мүмкіндік туғызу.	Күз мезгілі, жапырақтар сарғайды, жаңбыр жауады, жел соғады.	1	
		Менің көшем	Өзінің тұратын көшесі туралы әңгімелеп айтуға үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән н,һ дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.	Қала, көше, пәтер. Сен қай көшеде тұрасың? Мен Абай көшесінде тұрамын.	1	
		Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту. Зат есімдерді жекеше түрде	Бағдаршам, тоқта, дайындал, жүр, жол ережесін сақта.	1	

			қолдану дағдыларын қалыптастыру.			
		Үй жануарлары	Күз мезгілі туралы 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыруға үйрету. Жемістердің, көкөністердің атауларын айтуға дағдыландыру.	Алма, алмұрт, қияр, қызанақ, картоп. Алма ағашта өседі. Картоп жерде өседі.	1	
	<b>Менің Қазақстаным</b>	Тәуелсіз Қазақстан ( ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер)	ҚР Президенті, рәміздер туралы мәтін құрастыруға баулу, қарапайым сұрақтар қоюға және оларға жай сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру. Заттың атын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды жетілдіру.	Президент, ту, елтаңба, әнұран, Тәуелсіздік	1	
		Тарихқа саяхат	Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың (қазақ киіз үйі оның ішіндегі кейбір	Киіз үй, сандық, бесік, дөңгелек үстел, күбі.	1	

			заттар туралы) атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.			
		Астана – Отанымыздың жүрегі	Астана туралы педагогтың үлгісі бойынша қысқа мәтін құрастыруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру.	Отан, Астана – біздің елордамыз. Сен қай Республикада тұрасың? Мен Қазақстан Республикасында тұрамын.	1	
		Менің туған өлкем.	Тұратын қаласы (ауылы) туралы әңгімелеп айтуға үйрету. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дағдыландыру.	Мұражай, Қазақ драма театры, Мәдениет сарайы, Сен қай қалада тұрасың? Мен Көкшетау қаласында тұрамын. Қалада мұражай, Қазақ драма театры, Мәдениет сарайы бар.	1	

	<b>«Қызықты қыс мезгілі»</b>	Айналамыздағы өсімдіктер	Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды күнделікті қолданыста дұрыс айтуға жаттықтыру. Жаңа сөздерді меңгерте отырып, өсімдіктерді атай білуге дағдыландыру.	Ағаш, шөп, жидектер, гүлдер, тірі табиғат	1	
		Жануарлар әлемі	Жануарлар туралы сурет бойынша қысқа мәтіндер құрастыруға үйрету, сөздік қорларын жануарлардың атауларымен кеңейту. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.	Түлкі, қасқыр, арыстан, жолбарыс, піл	1	
		Құстар – біздің досымыз	Жаңа сөздерді меңгерте отырып, құстардың аттарын атай білуге үйрету. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамытуды жалғастыру.	торғай, тоқылдақ, қарлығаш, аққу, көгершін.	1	

		Ғажайып қыс (қысқы ойындар)	Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айтуға үйрету. Заттың атын, сынын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.	Қыс, суық, Аққала жасаймыз. Шаңғы тебеміз, шанамен сырғанаймыз.	1	
	<b>Ғажайыптар әлемі</b>	Айналамыздағы әсемдік	Өлі және тірі табиғат құбылыстарымен таныстыру, қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру. Тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру.	Өсіп тұрған ағаштар, гүлдер. Қар жауады, аяз болады. Жел соғады.	1	
		Көліктер	Қоршаған ортадағы күнделікті жиі кездесетін көліктерді атау және олардың пайдасын туралы түсінік беру. 2-3 сөйлеммен көліктерді сипаттай білуге баулу.	Автобус, поезд, ұшақ, машина,	1	



		Электроника әлемі	Теледидар, компьютер, тоңазытқыштың, телефонның атқаратын қызметі туралы түсініктерін кеңейту. Оларға қатысты сөздерді қолдану арқылы сөздік қорларын байыту. Балаларды диалогке қатысуға үйрету.	Теледидарды көру, компьютер есептеуш машина, Тоңазытқышта тағамдар сақталады. Телефонмен сөйлесуге болады.	1	
		Мамандықтың бәрі жақсы	Мамандықтармен таныстыру. Қазақ тілінде мамандықтардың атауларын айтып беруге үйрету. Қимылды білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.	Мұғалім, дәрігер, аспазшы, сатушы, жүргізуші	1	
	<b>Табиғаттың гүлденуі</b>	Көктем белгілері	Көктемгі табиғатпен таныстыру арқылы шығармашылық ойлау қабілеттерін арттыру және ішкі сезімдерін суреттер арқылы дамыту. Жыл құстарының атауларымен сөздік қорды дамыту. 10-ға дейін тура және кері санауды жаттықтыру	Көктем, күн жылынады, қар ериді, су ағады, бәйшешек шығады.	1	

		Көктемгі орман	Көктем мезгіліндегі табиғаттағы өзгешеліктермен балаларды таныстыру. Ағаштардың бүршік жарған сәттерінен алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. Алғашқы бәйшешек туралы балалардың ойларын дамыту.	Көктем, орман, ағаштар, бүршік, бәйшешек.	1	
		Құстар ұшып келгенде	Көктемде ұшып келетін жыл құстарымен таныстырып, олар туралы қысқаша мағлұмат беру. Біздің аймаққа ұшып келетін құстардың атауларымен таныстыру. Олардың не себептен күзде ұшып кетіп, көктемде ұшып келетініне тоқталу.	Көктем, жыл құстары, қараторғай, аққу, тырна, қаз, үйрек.	1	
		Сұлу - Көктем	Көктем мезгілін сипаттау, балаларды табиғат тамашаларымен таныстыру. Табиғат ерекшеліктері мен өзгерістерін бақылау арқылы тілдерін дамыту, табиғатты аялауға, табиғаттың әсемдігі, сұлулығын көре, сезе білуге тәрбиелеу.	Көктем, жыл құстары, қараторғай, аққу тырна, қаз, үйрек	1	

<b>Бізді қоршаған әлем</b>	Түрлі-түсті гүлдер	Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру, гүлдерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.	1) Бір гүл толып ашылады, Бір гүл солып ашылады. 2)Гүл қайда болса, көбелек сонда. 3)Гүл – өмір қызығы	1	
	Космос	Балаларға Ғарыш және ғарышкерлер туралы толық түсінік беру, білімдерін одан әрі кеңейту. Сыйластыққа тәрбиелеу.	Ғарыш, ғарышкер, аспан, ауа, скафандр.	1	
	Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі	Жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамытуды жалғастыру.	Құмырсқа, көбелек,ара, жылан, бақа	1	

		Табиғатты қорғаймыз	Қоршаған ортаны қорғау-жерді сақтау және оның пайдалы қазбаларын қолдану, ауа мен судың тазалығын сақтау туралы балаларға мағлұмат беріп, олардың табиғатты қорғауға өз үлестерін қосулары керектігі жайлы айтып, үйрету.	Ағаш,тар, су, гүлдер, шөптер.	1	
<b>Әрқашан күн сөнбесін</b>		Бірлігіміз жарасқан	Үлгі бойынша қысқа мәтін құрастыруға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды күнделікті қолданыста дұрыс айтуға жаттықтыру.	1 мамыр, халық, бірлік, достық, тату.	1	
		Ұлы Отан қорғаушылар (ҚР. Әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері)	Қазақстан республикасы әскері туралы түсінік бере отырып, сөздік қорларын кеңейту. Қарапайым сұрақтар қоя білуге, қазақ тіліне тән дыбыстарды күнделікті қолданыста дұрыс айтуға жаттықтыру.	Ұлы Отан соғысы, Жеңіс, ардагерлер, Отан қорғаушылары, ерлік	1	

		Мен – жасай аламын.	Жаз мезгілі туралы әңгімелеп беруде сөздерді сөйлемдерде байланыстырып, құрастыруға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білуге баулу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды күнделікті қолданыста дұрыс айтуға жаттықтыру.	Сурет саламын, ән айтамын, би билеймін, спортпен шұғылданамын.	1	
		Қош келдің, жаз!	Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Заттың атын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануға үйрету.	Жаз, ыстық, көл, тау, демалу.	1	